Ауданның қоғамдық-саяси газеті

# Жалағаш жаршысы

№42 *(9929)*
27 мамыр
сенбі
2023 жыл

Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.




**Егінжай – 2023**



«АГРИКО» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫ 2016 ЖЫЛДАН БЕРІ ЖАҢАДАРИЯ АУЫЛЫНДА БАҚША ДАҚЫЛДАРЫН ЕГУМЕН АЙНАЛЫСАДЫ. БАСТАПҚЫДА ҚАУЫН, ҚИЯР, ҚЫЗАНАҚ ЖӘНЕ БАСҚА ДА КӨКӨНІС ӨСІРУДІ КӘСІП ЕТКЕН СЕРІКТЕСТІК ҰЖЫМЫ БИЫЛ ДА ТАБЫСТЫ ЕҢБЕК ЕТУДЕ. БЕЙСЕНБІДЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСҚАН АУДАН ӘКІМІ АСҚАРБЕК ЕСЖАНОВ ЕҢБЕК АДАМДАРЫНЫҢ АЛДАҒЫ ЖҰМЫСЫНА СӘТТІЛІК ТІЛЕДІ.

# Бақша дақылдарына басымдық берілген

Айта кетейік, бұған дейін аталған серіктестік шалғай ауылда шаруасын ширатып, өз өнімдерін шетелге экспорттаған болатын. Қазіргі таңда «Агрико» ШҚ 30 гектар алқапқа жоңышқа, 12 гектарға қарбыз және 15 гектар алқапқа жүгері егуді бастап кетті. Бүгінде 30 гектар жоңышқа толықтай күтімге алынған. Қазіргі таңда шаруашылық еңбеккерлері жүгері мен қарбыз егу жұмыстарына қарқынмен кіріскен. Серіктестік бүгінде ауылдың ондаған азаматын жұмыспен қамтып отыр.

– Қазірдің өзінде шаруашылықта ондаған адам жұмыс жасайды, мұнан бөлек уақытында бізге еңбек өнімділігін арттыру үшін тағы көмек қажет болады. Сол тұста тағы да ауылдың бірнеше азаматын маусымдық жұмысқа аламыз. Осыған дейін қауын егіп, оны Ресейге экспортқа шығардық. Мұндағы өнім сапасы жоғары болса керек, әлі күнге дейін ресейлік тұтынушыларымыздан тапсырыс түсіп тұрады. Биыл жүгері мен қарбыз егіп жатырмыз. Алдағы уақытта қауын егуді және оны шет елдерге экспорттауды қайта қолға аламыз, – дейді серіктестік құрылтайшысы Арман Иса.

Шаруашылықта техникадан мәселе жоқ, себебі серіктестік басшысы техника базасын жаңарту жұмыстарын жыл сайын жүргізеді екен. Биылдың өзінде олар бірнеше озық техника сатып алған. Оның ішінде жерді сүдігерлейтін, алқап тегістігін қамтамасыз ететін бірнеше озық техника бар. Тіпті шаруашылық ұжымы дақылдарды егу жұмыстарын да техникамен жүргізеді.

Биыл серіктестік 15 гектар алқапқа жүгерінің «Пионер» сұрпын сепккен. Американдық дақылдың пісіп-жетілу уақыты – 3 ай. Мұнан бөлек 12 гектар алқапқа қарбыздың француздық «Кримсон Свит» сұрпын егіп жатыр. Бұл өнімнің пісіп-жетілу уақыты жергілікті қарбыздармен шамалас, яғни 80-85 күннен кейін нарыққа шығаруға болады.

Арман Қайратұлы бұл дақылдардың суды әлдеқайда аз қажет ететінін айтады. Мәселен, күріштің әр гектарына шамамен 36 мың текше метр су кетсе, аталған бақша дақылдарының гектарына 3-3,5 мың текше метр су жеткілікті екен. Оның үстіне өнімділік жағынан да жүгері мен қарбыз еккен тиімді екенін жасырмайды.

– Күріш жерге себілгеннен жинап алғанға дейін суда тұрады, сондықтан ол суды көп қажет етеді. Ал бақша дақылдарының барлығы да суды аз қажет етеді. Оның ішінде біз биыл қолға алған жүгері, қарбыз, жоңышқа өнімдері мүлде суды аз қажет етеді. Бір жағынан өнімділік жағынан да ұтарымыз көп. Сондықтан егінді әртараптандырып, бақша дақылдарына басымдық берген дұрыс. Себебі жылдан-жылға аяқ судың тапшылығын өздеріңіз де көріп жүрсіздер. Бақша дақылдарын еккен адамда шығын аз, керісінше кірісі көп болады. Жүгеріні осыған дейін де егіп көргенбіз. Екі жыл бұрын жинап алған өніміміз егіс басынан сатылып кетті. Бұдан жүгеріге сұраныстың көп екенін аңғару қиын емес. Биыл да өнімнің бұл түріне басымдық бергеніміз сондықтан, – дейді серіктестік құрылтайшысы.

Еңбек ұжымы әлі егу жұмыстарын жүргізіп жатыр, осы кездің өзінде мұндағы өнімдерге сұраныс көптеп түсіп жатыр екен. Сондықтан шаруашылық басшысы ала жаздай күтіп-баптаған өнімді нарыққа шығару жағына бас қатырмайтыны анық. Бастысы, дақыл өнімді болса жеткілікті.

Айта кетейік, 2016 жылдан бері аталған серіктестік өнімдері Ресей нарығында сатылымға шыққан. Дәмі тіл үйірер қауындар Мәскеудегі ірі сауда дүкендерінің сөрелерінен орын алған болатын. «Мырзашөл» тұқымдасына жататын «Жиенбай» қауыны ешқандай химиялық қоспасыз күтіп бапталған. Ауылдың терiскейіндегі «Атжайған» алқабын осыған дейін тек мал жайылым ретінде пайдаланғандықтан шөбі шүйгін, жері құнарлы. Сондықтан табиғи таза өнімге Ресей нарығында сұраныс жоғары болды.

2016 жылы шаруа қожалық Ресейге 453 тонна 260 келі қауын, Қырғызстанға 20 тонна қауын, 2017 жылы Ресейге 554 тонна 550 келі қауын, 191 тонна 600 келі тәтті бұрыш экспорттаған. Ал 2018 жылы жеке тұрғындармен бірлесіп, Жаңадария ауылдық округінен 30 гектарға қауын, 4 гектар қарбыз, 1 гектар қызанақ, 1 гектар қияр орналастырған болатын.

Дәл осы жылы Ресейге 159 тонна 100 келі қауын, 16 тонна 400 келі тәтті бұрыш экспорттады. Шалғайдағы ауылда осындай тындырымды тірліктің болуы аймағымыз үшін үлкен мақтаныш, әрине.

– Қауыннан пайда көп, сондықтан алдағы жылдары бұл кәсіпті қайта қолға аламыз. Келер жылы да қауын егіп қалуымыз ғажап емес. Ол кезде тағы да шетелге өнім экспорттауға тура келеді. Ресей, Қырғызстан және басқа да мемлекеттерден тапсырыс мол түседі. Сондықтан алдағы уақытта бұл мүмкіндікті құр жібермеуіміз керек. Бастысы, бақша дақылдарын күтіп-баптауда, оны нарыққа шығаруда тәжірибе бар. Алдағы жылдары қауыннан бөлек басқа да бақша дақылдарына басымдық береміз. Қазірдің өзінде жүгеріге тапсырыс көптеп түсуде. Алдыңғы жылы тұтынушыларымыздың көбісін жүгерімен қамтамасыз ете алмадық. Барлығын бір азамат сатып алып кетті. Алдағы уақытта егіс алқабы ұлғайса, сұраныстың барлығын қамтамасыз етуге жол ашылады деп ойлаймын, – дейді Арман Иса.

Айта кетейік, қазіргі таңда «Агрико» шаруа қожалығының Жаңадарияда 300 гектардай жері бар. Бастысы, еңбек ұжымы оның барлығын тиімді пайдаланып отыр. Негізінен ауылда осындай шаруашылықтардың көптеп құрылғаны дұрыс, себебі бір жағынан шалғай ауылдың тұрғындарына да жұмыс табылады. Екіншіден, елді мекеннің кірісі артып, шаруасы ширайды.

Мұнан бөлек аудан әкімінің сапары басқа да бақша дақылдары орналасқан егіс алқаптарында жалғасты. Қазіргі таңда Жаңадария ауылдық округіндегі «Игенбай», «Атжайған» жер учаскелерінде 30 отбасы 45 гектар жерге картоп және басқа да бақша дақылдарын орналастырған. Бұндай ілкімді істер Таң ауылдық округінде де жалғасын тапқан, бүгінде Таңда 25 гектар жерге 55 отбасы бақша дақылдарын орналастырған.

– Жалқаулықты жеңіп, адал еңбек жолына түскен ауыл тұрғындарының жаз бойы жасаған еңбегінің жемісі тек бір отбасын ғана емес, баға тұрақтылығын сақтай отырып, аудан халқының жергілікті табиғи өнімді тұтынуына мүміндік береді. Мен келгенде айтқанмын, еңбек етемін деген адамды қашанда қолдауға дайынмын. Бүгінгі сапарымда дала жұмыстарымен танысып, еңбек адамдарының шаруасының шырағанын көріп, көңіл сүйсінді. Қазір заман жалқаулықты көтермейді. Міне, осы ретте бақша салып жатқан ауыл азаматтарының жұмысы бәрімізге үлгі болуы тиіс, – деді Асқарбек Темірбекұлы.

Расында соңғы жылдары ауданда бақша дақылдарына басымдық берілуде. Мұны біз еңбек етемін деген азаматтарды қолдау шараларымен және жергілікті халықтың еңбексүйгіштігімен байланыстырдық. Бұл сөзімізге дәлел де жоқ емес. Мәселен, жыл басында шалғайдағы Жаңадарияның халқы бақша салуда бірнеше мәселе барын Асқарбек Темірбекұлының назарына салған. Қазіргі таңда оның барлығы шешімін тапты. Болмаса бүгінгідей ауыл халқының шаруасы ширамас еді.

Айта кетейік, биылауданда картоп және басқа да бақша дақылдарын орналастыруға 500 гектар жаңадан жер дайындалды. Бұл жерлер бақша салуға ниетті отбасыларға үлестіріледі. Бүгінге дейін ауданнан 610 отбасы картоп, көкөніс және басқа да бақша дақылдарын орналастыруға ниет білдірген. Жаңадан жер ашу жұмыстары шаруашылықтардың демеушілігімен жүргізілуде. Бұл ретте жер толық дайындалады, оған аяқ су жеткізіледі, сондай-ақ қоршауын да жергілікті әкімдіктің бастамасымен жүргізілуде. Тек тұрғындар еккен өнімінің күтіміне ғана жауапты. Олардан жерді дайындауға, қоршауға, аяқ су жеткізуге ешқандай қаражат болмаса көмек сұралмайды. Бұл бір жағынан өңірде бақша өнімдері бағасының тұрақталуына, тұрғындардың өз-өзін өніммен қамтамасыз етуге үлкен қолғабыс болып отыр. Былтыр да осындай жұмыстар қолға алынған, биыл да игі бастама жалғасын табуда.

Қазіргі таңда 295 гектар жер дайындалып, 346 отбасыға берілген. Бүгінгі күнге дейін 71 гектар жерге 85 отбасы картоп, бақша дақылдарын орналастырған. Картоп, бақша дақылдарын орналастыруда Жаңадария, Аққұм ауылдық округтері тұрғындарының белсенділігі жоғары.

**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

**Мектеп мақтанышы**



ЕГЕМЕН ЕЛІМІЗДІҢ ЕРТЕҢГІ БОЛАШАҒЫ БҮГІНГІ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА. СОНДЫҚТАН ОЛАРҒА БЕРІЛЕТІН БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР. ЕЛ БОЛАШАҒЫ ЖОЛЫНДА ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ ОҚЫТЫП, ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ БЕРУДІ МАҚСАТ ЕТКЕН ӘБДІКӘРІМ ОҢАЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ №117 ОРТА МЕКТЕП – БІЛІМДІЛЕРДІҢ ҚАСИЕТТІ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ. АУЫЛДАҒЫ АЛТЫН ҰЯДАН ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН «МЫҢ БАЛА» ҰЛТТЫҚ ЗИЯТКЕРЛІК ОЛИМПИАДАСЫНА ҚАТАРЫНАН ЕКІ МӘРТЕ ОЗАТ ОҚУШЫЛАР ҚАТЫСЫП, ЖЕҢІМПАЗ АТАНҒАН.

# Ұстаздар үмітін ақтаған

«Мың бала» – ауылдық жерлердегі мектеп оқушыларының дарыны мен қабілетін қолдауға, дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептерде оқу үшін білімді оқушыларды іріктеуге бағытталған ұлттық ауқымдағы бірегей жоба. Олимпиада тегін өткізіледі, оған 5 немесе 6 сынып оқушылары қатыса алады. Олимпиада жеңімпаздары дарынды балаларға арналған еліміздің үздік мектептеріне оқуға түсуге мүмкіндік алады.

Былтыр аталған бұл білім ошағынан «Мың бала» ұлттық зияткерлік олимпиадасына Исмайл Шарапат қатысып, жеңімпаз атанды. Қазіргі таңда ол Қызылорда қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде білім алуда. Ал биылғы оқу жылында аталған олимпиадаға Нұрдәулет Меркемел қатысты.

Олимпиада II кезең бойынша өткізіледі. I кезеңде онлайн форматта тестілеу жүргізіледі. 5 мың оқушының ішінен топ жарған Нұрдәулет II кезеңге жолдама алып, математикалық сауаттылық, қазақ тілі, ағылшын тілі және жаратылыстану бағыты бойынша білімін бағалауға бағытталған тестілеуден 575 балл жинап, 58 орыннан көрінді. Қатарынан екі жыл «Мың бала» олимпиадасында жеңімпаз атанған Нұрдәулет – зерделі зейінділігінің арқасында барлық пәннен жақсы нәтиже көрсетіп, аудандық пәндік олимпиада, ғылыми жобаларға қатысып жүлделі орындарды иеленіп жүрген үздік оқушылардың бірі.

– Ата-анам әрдайым білімдінің болашағы жарқын деп айтып отырады. Мен де болашақта білімді, білікті маман болуды армандаймын. Арманым – білікті дәрігер болу. Оның ішінде тіс дәрігері болсам деймін. Болашақта жақсы маман иесі атанып, халықтың денсаулығының жақсаруына өз үлесімді қосқым келеді, – дейді дарынды оқушы.

«Нұрдәулет – өте зерек оқушы. Барлық пәндерге қызығушылығы жоғары. Жаңа сабақтарды тез ұғып, өз бетінше тапсырмаларды жылдам орындайды. Әлі ойын жасындағы бала болса да білімге деген құштарлығы басым, алдына қойған мақсаты айқын. Бос уақытында есеп шығарып, әртүрлі кітаптар оқып, ағылшын және орыс тілін меңгеруді алға қойған оқушының арманы асқақ» деген сынып жетекшісі Гүлзат Дабылова Нұрдәулеттің айтар ойы мығым, талапты шәкірт екенін де жасырмады.

Нұрдәулеттің әкесі Сәбит Тоғызбай мен анасы Әлия Бакирова – осы мектеп қабырғасында 17 жылдан бері білім беріп, шәкірт тәрбиелеп келе жатқан ұлағатты ұстаздар. Анасы Әлия – биыл математика пәнінен аудандық мұғалімдер арасында өткен «Математикалық регата» сайысында жүлделі II орынды иеленген білікті маман.

«Мұғалім қандай болса, мектеп һәм сондай болмақшы. Яғни мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар сапалы білім алады. Солай болған соң ең әуелі мектепте керегі – білімді, педагогикалық методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім» деген А.Байтұрсынов.

Әрине ол үшін мұғалім қазіргі заман талабына сай өзінің білім беру ісінде рухани, шығармашылық ізденіспен жұмыс істеп, жаңа технологияларды меңгеріп, білігі мен білімі жоғары ұлағатты тұлға болуы керек. Дәл осы ұстанымдағы мектепте жоғары білімді педагогтар жұмыс жасайды. Білікті маман мен нәтижелі еңбектің арқасында мектеп оқушылары түрлі дәрежедегі олимпиадаларда жеңіске жетіп, аудан абыройын асқақтатып жүр. Ә.Оңалбаев атындағы білім ошағының ұжымы жаңа заман талабына сай, ақыл-парасаты мол, өскелең ұрпақ тәрбиелеуде қажырлы еңбек етуде.

**Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ**

# ӘЛЕУМЕТ

Ауыл тынысы




**Бұл – Мәдениет елді мекенінің іргесіндегі Мырзабай ахун ауылы. Ауылдық округте 1 250-ге жуық халық бар. Қуантарлығы, жергілікті халықтың кәсіп ашуға ынтасы артқан. Әсіресе ахун атындағы ауыл тұрғындары бұл мақсатта мемлекеттік бағдарламалардың қолдауын тиімді пайдаланып отыр. Ауыл әкімі Ғалымжан Тәуіпбаевпен телефон арқылы тілдескенімізде биыл да шалғай ауылдың шаруасы ширайтынын айтқан. «Жақсыны көрмекке» деп аудандық редакцияның тілшілер тобы жолға шықтық.**

**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

# БІРЛІКПЕН ТІРЛІГІН ТҮЗЕГЕН

Ауыл аркасына 200 метрдей қалғанда жолдың екі бетінде 2-3 жыл бұрын егілген қалемшелердің қаз қатар тұрысы көздің жауын алды. Енді дәл осындай уақытта әлгі жас шыбықтар адам саялайтындай биіктейтіні сөзсіз. Бір сөзбен айтқанда, тұрғындардың көркейту-көгалдандыру жұмыстарына ерекше көңіл бөлетіні көрініп-ақ тұр.

Әне-міне дегенше жергілікті әкімдік ғимаратына да келіп жеттік. Бас маман Роза Жоламанова ауыл тынысына қатысты сан сауалымызды жауапсыз қайтармады. Мемлекеттік қызметті халықтың ертеңіне жұмыс жасауға берілген мүмкіндік деп түсінетіні көрініп-ақ тұр. Тіпті ауылда әлі де қандай мәселелер бар және оның шешімі қалай? Бұл жөнінде бас маманның айтқан әрбір ойы ақылға қонымды.



### Тұрғындардың кәсіп ашуға талабы таудай

Шағын ауылда бүгінде 82 кәсіпорын бар. Оның қазіргі таңда 80-і жұмыс жасап тұр. Бұл цифрлардан ауылда тоқтап тұрған кәсіпорындарды қайта іске қосуда белсенділік барын аңғару қиын емес. Оның үстіне «Әрбір елді мекенде тіркелген кәсіпкерлік субектілерінің кемі 95 пайызы жұмыс жасап тұруы тиіс» деген талапты асыра орындайды.

Жергілікті тұрғындардың кәсіпке бейім екенін аңғару қиынға соқпады. Әсіресе мұндағы халықтың бұл мақсатқа жасалған кез келген мүмкіндікті құр жібермейтіні көрініп-ақ тұр. Былтырдың өзінде 6 ауыл тұрғыны пайыздық үстемақысы төмен несиеге қол жеткізіп, мал шаруашылығында кәсібін ширатып отыр. Оларға мемлекет тарапынан жалпы құны 20 млн 862 мың теңге үлестірілген.

Мұнан бөлек тағы 6 азамат грант жеңіп алған. Олардың әр қайсысы 1 млн 225 мың теңге қайтарымсыз қаржылай қолдауға ие болған. Жоба авторларының бірі құлынды биелер алып, тұтынушыларын саумал, қымыз сынды өнімдерімен қамтамасыз етуді көздесе, енді бірі ірімшік, құрт сатуды қолға аған. Бұдан өзге ет бағытында жарқын жобаларды қолға алғандар да жоқ емес. Бүгінде бұл жобалар әлі күнге дейін жұмыс жасап тұр.

– Жалпы, кәсіпке ауыл халқы тарапынан қызығушылық бар. Олардың кейбірі мемлекет тарапынан қандай қолдау барын біле бермеуі мүмкін. Сондықтан біз мейлінше түсіндірме жұмыстарын ұдайы жүргізіп отырамыз. Нәтижесін көріп отырсыздар, қазір Мырзабай ахунда мемлекеттік бағдарламалармен кәсіп бастаған азаматтар санында өсім бар. Бұл – елдің ынтасы мен оларды сүйемелдеу жұмыстарының жемісі. Биыл да кәсіп ашып, жұмыс бастауға талап қылып отырғандар жетерлік. Алдағы уақытта олар да мемлекеттік қолдаудан құр қалмайды деп ойлаймын. Тіпті алды қаржылай қолдауға ие болып, бүгінде жұмысын бастап кетті, – дейді Роза Жоламанова.

Биыл тағы бір ауыл тұрғыны ірі қара басын көбейту және асылдандыру мақсатында мемлекеттік қолдаудың көмегіне жүгінген. Пайыздық үстемақысы төмен 3 млн 850 мың теңге несиеге ие болған Айсұлу Қосымова жергілікті қашарлар мен 1 бас асыл тұқымды бұқа сатып алған. Кәсіпкер алдағы уақытта сүт бағытында жұмыс жасап, ағарған өнімдерімен тұтынушыларын қамтамасыз етуді мақсат етіп отыр.

Жалпы, Мырзабай ахун ауылында мал ұстап, оның өнімін нарыққа шығаруда табысты еңбек етіп жатқандар жоқ емес. Әсіресе елді мекенде қымыз, саумал өндіру бір ізге түскен, қазіргі таңда ауылда үш үйдің бірі бие байлайды. Осыдан-ақ халықтың кәсіпке талабы таудан екенін түсіне қойдық.

– Халықтың негізгі тіршілік тынысы ауыл шаруашылығына тәуелді. Сондықтан мал және егін шаруашылығын таптаурын жоба деп қарауға болмайды. Себебі халық содан негізгі табысын айырып отыр. Мал алып, оның соңында жүрген ешкім жоқ, бастысы, айналым бар. Бүгін келген мал екі айдан кейін бағылып нарыққа шығады, сүт бағытында да өз жобаларын жүзеге асырып отырған тұрғындар жоқ емес. Алдағы уақытта саланы дамытуға әлі де басымдық береміз. Бастысы, халықта ынта бар, талап болса, мемлекет тарапынан қандай қолдаулар болатынын өздеріңіз де жақсы білесіздер. Сол мүмкіндікті халықтың тиімді пайдалануына жұмыс жасаймыз, – дейді Роза Нұрланқызы.

Иә, елде ынта бар, оларды сүйемелдеу жұмыстары да бір ізге түскен. Сондықтан бас маманның әрбір айтқан байыпты бастамасының шындығына таласымыз жоқ. Өйткені сол кәсіп иелерінің әрқайсысының жұмысын барып та көрдік. Ол жайлы басылымның алдағы сандарында айта жатармыз. Енді ауыл тынысына қайта ойысайық...

### Тұралаған мәселелердің түйіні тарқатылған

Осыған дейін аудан әкімі Асқарбек Есжанов ауыл халқымен бірнеше рет кездескен. Мақсат – елді мекенде қандай мәселелер бар, оның шешімі қалай, осы сауалдардың түйінін тарқату. Сонда ахун атындағы ауыл тұрғындары елді мекенде жол сапасына қатысты және әлеуметтік нысандар тапшылығы жайында бірқатар мәселені әкім назарына салған. Бүгінде ауылда осыған дейін тұралаған мәселелердің алды шешімін тауып жатыр екен.

Былтыр «Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде елді мекендегі Колхоз және Мәдениет көшелерінің сапасына мән берілген. Жалпы құны 130 млн теңгеден астам қаражатты құрайтын қос жобаның арқасында ауылда екі көшеге асфальт төселіпті. Елдегі тұралаған мәселелердің шешімін тапқанына бүгінде жергілікті тұрғындар дән риза.

– Шыны керек, ауылда жол сапасы өте төмен болды, бұған дейін де бірнеше рет аудан әкімдері келгенде бұл мәселені көтергенбіз. Жауап белгілі ғой, «Барлығы қаражатқа келіп тіреледі, алдағы уақытта шешіміне жұмыс жасаймызбен» келесі сауалға ойысатын. Былтыр аудан әкімі Асқарбек Есжанов келгенде де назарына салғанбыз. Бірақ жылдағы дәстүрмен «тағы да кейінге қалады» деген күдік болды. Себебі жаңа әкім «мәселелеріңді шешіп беремін» деп нық айтқан жоқ, алдымен зерттеп, шын өзекті болса, шешуге жұмыс жасайтынын жеткізген. Азамат арық сөйлеп, семіз шықты. Елге жасаған жұмысының нәтижесін көрдік. Бүгінде ауылдағы екі көшенің сапасына мән берілді. Сондықтан аудан басшысына алғысымыз шексіз, биыл ауылдағы басқа да ішкі көшелердің сапасына мән беріледі деген жағымды жаңалықты естіп жатырмыз. Халықтың, елдің ішіндегі өзекті мәселелерге осылай жиі көңіл бөлінгені жақсы ғой, – дейді Колхоз көшесінің тұрғыны Нүркелді Мейрамбеков.

Роза Жоламанова биыл ауылдағы тағы да екі көшенің сапасын жақсарту үшін жоба-сметалық құжаттарын әзірлеу жұмыстары жүріп жатқанын айтады. Алдағы уақытта бұл жобалар қолдауға ие болса, Мырзабай ахун ауылындағы Жаңақоныс пен Кенжебек Оспанов көшелеріне де асфальт төселеді.

Былтыр барғанымызда ауылдағы шағын футбол алаңының астындағы төсеніш желмен желбіреп тұрған. Биыл оның да сапасына мән берілген. Яғни жалпы құны 3 млн 700 мың теңгеге ойын алаңының төсеніші ауыстырылған. Спортты серік еткен жастар қазір оның игілігін көріп отыр. Сондай-ақ ауыл мектебін он жыл бұрын бітірген түлектер сол ойын алаңына жарық шамдар жүргізіп беріпті. Бұдан елге, туған жерге деген жастардың құрметін аңғару қиын емес.

Мырзабай ахунда ауылдық емхана мәселесінің қанша әкімнің тұсында айтылғаны есімде жоқ, әйтеуір бұл ауылдағы тұралаған мәселелердің сапында екенін жақсы білеміз. Ауылдық емхана мүлде жоқ емес, бірақ ғимаратының сапасы бүгінде сын көтермейді. Елдің мәселесін былтыр барғанда Асқарбек Темірбекұлы тыңдап, тіпті қазіргі нысанның жай-күйімен де танысқан. Ал биыл жылдың алғашқы тоқсанында аудан басшысы ауыл халқына сүйінші жаңалықпен барды. Яғни дәл осы жылы Мырзабай ахунда ауылдық емхананың іргетасы қаланады. Жобаның жалпы құны 385,9 млн теңгені құрайды.

Ауылдан келген бойда бүгінгі сапарымызды әлеуметтік желіде жариялағанбыз. Сонда жергілікті тұрғындардың бірі ауылдық клуб мәселесіне қатысты өкпе-назын бөліскен. Әлбетте барлығы бір уақытта шешімін тауып жатса жақсы ғой, бірақ ондай мүмкіндік бола бермейтінін де түсінген дұрыс шығар. Бастысы, рет-ретімен мәселелер шешімін тауып жатыр. Рас 1 200-ден астам халқы бар ауылда мәдениет ошағының жоқтығы жанға батады. Бірақ бұл мәселе де аудан басшысының назарында. Бұйыртса, 2024 жылы ауылда мәдениет үйі бой көтереді. Бұған қатысты жасалған арнайы жоба да жоқ емес.



### «Бал Диқан» байыпты бастамаларды қолға алуда

Ауыл тынысымен танысып болғаннан кейін егіс басынан ақпарат алуға шықтық. Мақсат – былтыр Сыр салысынан тау тұрғызған ауыл еңбеккерлерінің қазіргі жұмысымен танысу. Білім ошағының іргесіндегі көшені бойлап келе жатқанымыз сол еді, екі-үш адамның диалог құрып тұрғанын көзіміз шалды. Қасымыздағы әкімдіктің бас маманы Талапбек Тоқтарбаевтың тоқтай қалмасы бар ма, ағамыздың аялдайтындай реті бар екен. Әлгі үш азаматтың ішіндегі біреуі биыл ғана құрылған «Бал Диқан» шаруа қожалығы төрағасының орынбасары Баубек Сақтағанов ағамыз екен.

Баукеңнің нағыз шаруаның адамы екені көрініп тұр, сөзіне құлақ ассаң, жобаларының барлығы ауылдың абаттануына, әлеуетінің артуына бағытталған. Бірқатар ішкі көшелердің жиегін қоршап, әлден көркейту көгалдандыру жұмыстарын жергілікті шаруашылық бастап кетіпті. Алдағы уақытта жас шыбықтардың жасыл желекке айналмасына кім кепіл?.



Биыл шаруашылық 400 гектардан астам алқапқа Сыр салысын сепкен. «Серіктестіктің құрылғаны биыл, осынша жерді қалай игереді?» деген күдігі басым сауалдан ада болыңыз. Себебі мұндағы еңбек ұжымының шаруасы ширақ, бір жағынан салаға қажетті заманауи техниканың барлығы бар.

– Бір ғана күрішке қарап отыруға болмайды, мұндай түсініктегі адам әрі кетсе, ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтуға ғана шамасы жетеді. Еңбеккерлер жылдағы жұмысын өздері жасай береді. Біз ауылда кәсіпкерлік саласын дамытуға, елдің әлеуетін көтеруге, халықты кәсіп бастауға үндеуге, қолдауға басымдық берсек дейміз. Бұл бағытта ойда жүрген жоспарлар көп, бастысы, соның барлығы сәтімен жүзеге асса болғаны. Тұрғындар тек жалақыға қарап отыруға болмайды. Бұл түсініктен арылу үшін кәсіпке бейімделуіміз керек. Қазіргі таңда «Бал Диқан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде 50-ден астам ауыл тұрғыны жұмыс жасайды. Алдағы уақытта егіс алқаптары кеңейсе, жұмысшылар қатары да артады. Бізде бір ғана мақсат бар, ол – елдің әлеуетін көтеру, – дейді серіктестік директоры Ғалымжан Балабатыров.

Баукеңмен екеуара диалогтың ұзаққа созылғаны соншалық егіс басына баруға уақытымз болмады, бір сөзбен айтқанда, ауылдан әрі аса алмадық. Себебі ел ішінде серіктестік тарапынан қолға алынған жобалардың жұмысымен таныстық.

### Еңбекке елді үндеген азаматтың мәселесі ескерілсе...

Бұған дейін Мырзабай ахунда наубайхана болған, ас атасын өндіретін кәсіпорын ахун атындағы ауылдан бөлек мәдениеттіктерді де өз өнімімен қамтамасыз еткен еді. Кейін бұл жоба жұмысын тоқтатқан, «Бал Диқан» құрылғалы наубайхана жұмысы қайта жанданыпты. Серіктестік басшылығы елге жұмыс болсын деп кәсіпорынды қайта іске қосқан. Қазіргі таңда мұнда бөлке наннан бөлек кондитерлік өнімдер де дайындалады.

Наубайхана басшысы Нұрбек Қарылханов мұндағы өнімдерге сұраныс мол екенін айтады. Бұған дейін тұтынушылардың сұранысын толықтай қамтамасыз етуге ондағы құрылғылардың көнелігі қолбайлау болған. Биыл жұмысын бастаған жергілікті шаруашылық бұл мәселені шешіп беріпті. Яғни Алматы қаласынан озық технологиялар алып келіп, қолда бар істен шыққан құрал-жабдықтарды да қайта іске қосып берген.

Кез келген кәсіпкерде бір ғана мақсат болады, ол – тұтынушыларын сапалы өніммен қамтамасыз ете отырып, табысқа кенелу. Алайда Мырзабай ахун ауылындағы «Бал Диқан» шаруа қожылығы басшылығының мақсаты мүлде басқа. Яғни «тапқан табыстың игілігін тек халық көрсе» деген бір ғана мұрат бар.

«Ол не деген батпан құйрық?» дейтін шығарсыз, иә, олардың бар мақсаты сол, тіпті оған бірнеше дәлеліміз де бар. Мына қызықты қараңыз, әлі күнге дейін шаруашылық наубайхананы шикізатпен және қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етеді. Нан және түрлі кондитерлік өнімдер шығаруға қажетті ұн, май секілді шикізат шаруашылық қаржысына сатып алынады. Алайда мұндағы қызметкерлердің тапқан табысынан шаруашылыққа бір тиын да пайда жоқ. Себебі серіктестік басшылығы осындай шешім қабылдаған, наубайханадан түскен табыс осындағы қызметкерлерге ғана тиесілі, елдің әлеуетін көтеру үшін оларды тіпті жалақымен де қамтамасыз етіп отыр.

Иә, тек қаражатпен жұмыс жасап, тиын санап қалғандар үшін бұл ақымақтық шығар, алайда "Бал Диқан" ЖШС директоры Ғалымжан Жұмабайұлы «бұл шешімнің кесірінен көк шығынға баттым» деп есептемейді. Керісінше ауыл халқының қажетіне жарау үшін басқа да жобаларды жүзеге асыруға асық.

Серіктестік директорының орынбасары Баубек Сақтағановтың бір ғана талап-тілегі бар, ол мұндағы аға-апалардың табысын арттыру үшін 4 адамды мемлекеттік қолдау шараларымен қоғамдық жұмысқа алғысы келеді. Себебі бұған дейін өнім көлемін ұлғайтуға құрал-жабдықтардың тапшылығы қолбайлау болса, енді еңбек өнімділігі жетіспейді. Яғни кәсіпорынға әлі де жұмысшылар қажет. Онсызда табысынан бір тиын да пайда көрмейтін шаруашылықтың тағы да төрт адамды жұмыспен қамтуға қайдан шамасы келсін, сондықтан Баукеңнің бұл талап-тілегі орынды.

– Қазіргі таңда Мырзабай ахун мен Мәдениет ауылын өз өнімдерімізбен қамтамасыз етіп отырмыз. Негізінен Мақпалкөл, Жаңаталап ауылдарынан да көптеп сұраныс түсіп жатыр. Біз олардан амалсыздан бас тартамыз. Себебі оның бәріне үлгеру үшін тағы да жұмысшылар қажет. Онсызда біздің табыстан бір тиын да дәметпейтін және бізді жалақымен қамтамасыз етіп отырған жергілікті шаруашылық басшысына қайта-қайта қол жаятындай «нан берсе, бетіне май сұрайтындардың» сұрпынан емеспіз. Сондықтан мемлекеттік қолдау шараларымен төрт адам алсақ, шаруамыз ширайтын еді, мемлекеттен сұрайтын барлық көмегіміз сол, – дейді наубайхана басшысы Нұрбек Қарылханов.

Қазір мемлекет кәсіпке бет бұрған азаматтарды жан-жақты қолдап жатыр. Жергілікті әкімдік те мейлінше еңбек етемін дегендерді соңғы бір жылда мейлінше қолдауға белсене кірісті. Ахун атындағы ауыл азаматтарының да бұл өтініші орындалып қалар деген бір ғана үміт бар.

Бұл – ауылдағы жергілікті шаруашылықтың қолға алған бір ғана жобасы. Серіктестіктің жеке қаражаты есебінен ауылда үлкен орталық салынуда. Алдағы уақытта бұл жерде жергілікті тұрғындарға тойхана, әлеуметтік дүкен қалтқысыз қызмет етеді. Жұмысшылар нысан құрылысын 80-90 күнде аяқтауға бел буып отыр. Демек, бұл орталық алдағы күзде ел игілігіне беріледі.

Иә, бұл жай ғана орталық емес, халыққа үлкен пайдасы тиетіндіктен алдағы жұмысына жан-жақты тоқталғанның айыбы жоқ шығар. Баукең мұндағы әлеуметтік дүкенде азық-түлік өнімдері аудан былай тұрсын, облыс орталығындағы төмен бағада тауар сататын сауда орталықтарының бағасымен бірдей болатынын айтады. Ал тойхана халыққа тегін құдайы ас, той-томалақ өткізуге беріледі. Тек дастарханға қоятын заттарын алып келсе болғаны. Сондай-ақ бұл жерде алқалы жиындар мен кездесулер, кеңестер өтетіндей қонақтарға, ауыл азаматтарына жағдай жасалады.

Келер жылы «Бал Диқан» шаруа қожалығы ауылдан спорт кешенін салуға ниеттеніп отыр. Бұл жобасы жүзеге асса, жастардың бос уақытын тиімді пайдалануға, елді спортқа баулуға үлкен қолғабыс болары сөзсіз.

Біз айтып отырған жобалар – Мырзабай ахунда биыл жүзеге асқан және келер жылдың еншісіндегі жұмыстар. Болмаса «Бал Диқанның» ауыл үшін әлі де қолға алатын жұмыстары мұнымен шектелмейді. Баукеңнің өтініші бойынша оны әзір жария етпеуді жөн көріп, алдағы уақыттың еншісіне қалдырдық.

Айтпақшы келер жылдан бастап жергілікті шаруашылық кәсіп ашамын деген ауыл азаматтарына пайызсыз қаржы үлестіруге бел буып отыр. Кейін кәсібі жанданған жергілікті тұрғындар тек алған қарызын қайтарады. Бұл ауыл халқы үшін үлкен көмек екені сіз бен бізге айтпаса да түсінікті.

Міне, Мырзабай ахун ауылында осындай тірлік болып жатыр. Елдің ауызбіршілігі мығым, азаматттардың туған жерге деген құрметін жоғарыда айттық, кәсіп ашуға жергілікті тұрғындардың талабы таудай. Мұндай игі бастамаларды жүзеге асыруды мақсат еткен елдің ертеңі жарық болары сөзсіз.

# Анашым, мәңгілік сағынышым



**Иә, анама деген сағынышымды айтып жеткізе алмаспын. Бір қуанатыным, үнемі түсіме кіріп, әлі күнге дейін ақылын айтады. Бір күн үйде Құран оқымай қалсам, теріс қарап қалады. «Ойпырмай, қаридың қызы ренжіді-ау» деп өзінің көзі тірісіндегі тізімі бойынша білетін дұғамды оқып, әруақтарға құран бағыштаймын.**

Анамның балалық шағы Ұлы Отан соғысынан кейінгі әбден тұралаған халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру жылдарына сәйкес келді. 1949 жылдың 1 қаңтарында Жалағаш қыстағында дүниеге келген анам Қазына Құснидинқызының балалық шағы да өзінің замандастарынан еш айырмашылығы болған жоқ.

Арғы атасы өзінің діни білімімен елге сыйлы болып, Қара молда атанса, Сынадин қари атымен танымал болған әкесі бала оқытып, шәкірт тәрбиеледі. Анасы Арзыгүл қазіргі Аққұм елді мекенінде халыққа имандылық тәрбиесін беруде үлкен қызмет атқарған, ашаршылық пен соғыс жылдарында елді қамқорлығына алған Тәжімбет көлпенің қызы.

Анамның балалық шағы қиын жылдары өтсе де ғибратты ғұмыр кешкен. Үйге ауылдан ақсақалдар келетін, ол кезде қазіргідей жүйткіп жатқан көліктер жоқ, атпен келеді. Сол қонақтардың аттарын жайлау, шөп салу, су беру анам мен ағасы Қуаныштың мойнында. Үйге кіргесін қонақтардың қолдарына су құйып, дастарқан басында кесесін алып беріп отырып, ақсақалдардың тәрбиелі әңгімесін тыңдайтын.

Қайбір жылдары әкесі науқастанып қалғаннан кейін бар ауыртпалық анам Қазынаның мойнына түседі. Анам мектепте жүргенде-ақ дәрігер болуды армандаған көрінеді. Әкесі қан қысымы көтеріліп, науқастанып жүргенде «Қан қысымын қалай түсіруге болады екен?» деп ізденіпті.

Бірде дәріханадағы таныс ағайы «Әкеңнің басына сүлік салсаң, қан қысымының тұрақтануына сеп болады» дейді. Көлдің жағасынан сүлік тауып әкеліп, әкесіне салып, қан қысымын түсірген екен.

Анам балалардың үлкені болғасын бұғанасы қатпай жатып, еңбекке араласты. Жаратылысында қиындыққа морт сынып, құлазып кететін адам емес еді. Қайта отбасын өрге сүйреп, бауырларына қамқор болды, отбасының барлық жауапкершілігін өз мойнына алды. Анасы Арзыгүлдің дастарқаны жыйылмайтын, отбасынан қонағы арылмайтын. Әкесіне сәлем беру үшін алыс-жақыннан келетін қонақтарды күтіп алып, сол кісілердің ұлағатты әңгімелерін, өсиеттерін естіп, тәрбиесін көрген анам көргенін көңілге тоқып, тәжірибе жинақтап, өзіндік өмірлік ұстанымдары қалыптасты.

1954 жылы Арал ауданында үлкен апасы марқұм Жәмиланың қолында болып, осында мектеп табалдырығын аттады. 1956 жылы Жалағашқа келіп, аудан орталығындағы №123 мектепке ауысты. Кішкентайынан өте зерек, ақылды болып өскен ол мектепті үздік бітіреді. 1966 жылы медицина училищесіне қабылданып, бұл оқу орнын да үздік тәмамдайды. Оқуды бітіріп келіп, Жалағаш аудандық ауруханасының хирургия бөліміне медбике болып орналасады. Өзінің сүйікті мамандығын бес саусағындай меңгеріп, іскерлік қабілетімен көзге түсіп, 1970 жылдан аға медбике қызметін атқарады.1976 жылы Басанов Серікпен тұрмыс құрып, шаңырақ көтерді. 1977 жылы мен дүниеге келдім.

Анамның қамқорлығымен менің балалық шағым қызықты өтті дей аламын. Анам өз ауысымына жұмысқа кеткенде мен көрші орыстың үйінде болатынмын. Ағасының үйіне жіберсе, ол жақта тәртіп қатты (жеңгесі педиатор еді), түсте ұйықтатады деп сол еркін ойнайтын жерге қашып кететінмін. Орыс мектебінде оқыдым, университетте де орыс факультетін бітірдім. Бітіргесін ауылға келіп, осы күнге дейін орыс тілі пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеймін. Менің осылай оқуым да, жұмысым да орыс тілінде болғаны анамды алаңдататын. Балам орыс болып кетпесін деп демалыстарда барлық туыстардың балаларын үйге жинайтын. Ал жазғы демалыста қазақша үйренсін, ауылдағы елмен аралассын, ата мен әженің әңгімелерін тыңдасын деп ауылға жіберетін.

Мен ес білгелі анам адамдарға жақсылық жасаумен келеді. Дәрігермен қатар жүріп, өзіне міндеттелген жұмысын адал атқара білді. Бұл абзал мамандық иелерінің денсаулық саласында көтерер жүгі мен атқарар қызметі шаш-етектен екенін түсінді. Бүкіл саналы ғұмырын ауданның денсаулық сақтау саласына арнаған ол әріптестерімен тек қана сыйластықта, ауызбіршілікте болды. Аналық ақылын айтып отырды. Шыбын жанын шүберекке түйіп, дертіне дауа іздеп алдына келген адамға жанашырлық танытып, аялы алақанымен науқас жанға жылу сыйлайтын. Қиналып келген жанға тіпті үйден де ем-дом жасайтын. Әрбір науқастың көңілін аулап, шыдамдылық таныту, қамқор болу, жазылып кетуіне септігін тигізу оның ерекше қасиеттерінің бірі ғана еді.

Жанарынан күн күлімдеп тұратын, жаны жайсаң анам дұшпанының да тас жүрегін елжіретіп, ешкімнің көңілін қалдырмайтын, күнделікті өмірде ағайын-туыс арасында сыйлы, үнемі жақындарының қасынан табылатын, ақыл-кеңесін, көмегін аямайтын.

Анам таңғы астан соң үнемі «ясин» сүресін оқып, әруақтарға құран бағыштайтын. Жұмысқа асығып жатып, «Мама, барлық ата-баба, ағайын-туыс, көршікөлем, жора-жолдастарыңды атай бермей, анаң мен әкеңнен қайтшы» дейтінмін әзілдеп. Үйде отырып, барлық туысқандардың қал-жағдайын сұрап, жаңалықтарымен бөлісіп, тілегін тілеп отыратын. Жұмыстан, иә бір сапардан келсем, «Келдің бе, тынышсыңдар ма?» деп сұрайтын.

Үйіміз шағын, кішкентай болса да берекелі болатын. Ұлдары мен келіндері отбасы болып тұрды, сіңілілері күйеуімен, балаларымен біздің үйде тұратын. Жалпы, біздің үйдің есігі кімге болса да ашық еді. Анамның дастарқаны жыйылмайтын. Өзі ауырып отырса да келгендердің жұмыстарын бітіріп беруге тырысатын. Барлығының мұңын сабырмен тындап, ақылын айтатын. Дәрілерін ішіп алып, солармен бірге жүретін.

Айтқан сөзіне мәрт, уәдесіне тұрақты еді. Маған да сол қасиетін бойыма сіңірді. «Мама, мен уәде беріп едім» десем, жақтырмаса да, «Бердің бе, тұр сөзіңде» дейтін. «Ешкімнің ала жібін аттаушы болма, кісі баласына жамандық жасамақ түгілі ондай істі ойлама» деумен кетті. Дастарқанның басында өсек айтпай, тек қазақтың салт-дәстүрі мен тарихын, өзінің ата-бабалары мен үлкен зиялы кісілердің өмір жолы туралы ғибратты әңгімелер айтатын. Үйге кім келсе де (әсіресе жас буын) отырғызып алып, осы әңгімелерді айтатын. «Мама, неге айта бересің, оларға қызық емес қой, қазір өмір басқаша» дегенімде «Мұндай әңгімені сендерге мен айтпағанда кім айтады?» дейтін.

Анамның тағы бір қасиеті, жаңа отау құрған жас отбасыларды жыл сайын үйге шақырып, дастарқанымыздан дәм таттыратын. Олар біздің шаңырақта бірбірімен танысып, табысып әңгімелерін айтып тарасатын. Анамның бұл дастарқанының негізгі мақсаты да осы әулеттегі жаңа шаңырақ көтерген жастарды бір-бірімен таныстыру еді.

Жалпы, анам менің жүрегіме ең басты құндылықтар береке-бірлік, достық ұялата білді. Адал ниетті болуды, уәде-серттен таймауды үйретті. Кешірімді бол, бір жаманға ренжіп, бүкіл елден теріс айналма дейтін. Бір түйір балам деп еркелете отырып, аямай жұмсайтын. Соның арқасында жаман болдым деп айтпаймын. Ол маған тек ана емес, досым, ақылшым, сырласым бола білді. Барлығын сабырмен шешуге шақыратын.

Анам ешқашан жақындарын жамандамайтын, «Неге, ол дұрыс емес қой» десем, «Сен оның орнында қалай жасар едің, өзіңді оның орнына қойып көрші» дейтін сабырмен. Өзінің туыстарының кемшін тұстарын дәлелдеп айтсаң, жымиып күліп, көзінің қиығымен қарап, «Сұлтан сүйегін сатпайды» дейтін. Төркіндері келсе, бір жақ болып, «Атасы бөлек аттан түс» деп отыратын. Жаратылысында әзілге жақын, өзі ауырып отырса да ылғи жақсы ойда болатын оптимист еді.

Көп жылдар бойы науқастанды, сырқатқа берілмей, күресе білді. Осы жолы да жеңіп шығады деп ойладым. «Мама, мені қорқыта бермеші» деймін кейде әзіл-шынды. Бірақ науқасы жанына батса да, сыр білдірмейді, «Балам, қорықпа, бұлай ауырып жатқан жалғыз мен емес, қасымдағылар бірнеше рет жатыпты» дейтін. Қазір отырып ойланамын, ерте бойжеткесін бе, өмірді жақсы көретін. Басынан қандай қиындықтар өтсе де, қаншама адам ренжітсе де барлығын сабырмен қабылдайтын. Кішкентай жүрегі сонша қиынтыққа қалай шыдады екен деймін.

Анам қайтыс болғанын естігендер Қазақстанның әр қаласынан, Ресей мен Украинадан телефон шалып, көңіл айтып жатты. Әркімге өз анасы – асқар тау. Өмір бойы денсаулық сақтау саласында жұмыс істеп, көптеген адамға шарапаты тиген, өлімнен өздерін болмаса ата-анасын алып қалған жандар хабарласып, шынайы алғысын, ықыласниетін білдірді. Соған қарағанда жақсы адам болған шығар деп ойлаймын. Анам зейнетке шыққанша қан құю мен хирургия бөлімінде абыройлы еңбек етті. Ол науқастарға медициналық көмек көрсетудегі іскерлігі мен кәсіби біліктілігі үшін жоғары орындардың «Құрмет» грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталды.

Анамның қатарлары, бірге оқыған достары, «Анаң өте батыл, әділ, адал дос бола білетін жан еді, сабақты да үздік оқыды. Кітапты көп оқитын, әсіресе саяси, әлеуметтік тақырыптағы кітаптарды, шытырман оқиғаға толы кітаптарды оқитын. Ән айтып, өлең жазатын өнері де бар еді. Бірақ көп ашыла бермейтін, тек анда-санда сахнаға шығып, ән айтып, өлеңдерін оқитын, облыстық байқауларға қатысып, жүлделі орындарды алып жүрді» деп еді. «Әкең өлсе де, әкеңнің көзін көргендер өлмесін» деген бабаларамыз. Анамның қатарларын көргенде көзіме оттай басылып, анамды көргендей боламын. Анама сағынышым мәңгілік, оны ештеңе алмастыра алмайды. Мұның өзі дүниенің бар жақсылығы анаңның саған деген шексіз махаббатынан бастау алатынынан болса керек. Анасының қасында болғанын кім қаламас дейсің, бірақ жаратылыс заңы адамдардың айтқанымен жүрмейді, өз дегенімен жүреді. Сондықтан бәріне де көнесің, өмір заңы осылай.

Жайың жәннаттан болсын, анашым! Құрметті ағайын-туыс, құда-жекжат, жора-жолдастар, көршілер. Сіздерді ардақты да аяулы анам Құснидинқызы Қазынаның 2023 жылы 3 маусымда сағат 12:00-де Иманқұл мешітінің асханасында өтетін жылдық асына шақырамын.

**Гүлжанат Басанова,**
**аудан тұрғыны**

# ҮНДЕУ

**«Прокуратура туралы» Конституциялық заңның 40-бабының тәртібімен**

**ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР!**

Соңғы уақытта әлеуметтік желілер мен интернет-ресурстарында шетел және Қазақстан азаматтарын өзге елдердегі қарулы қақтығысқа шақыру туралы үгіт-насихат материалдары таралуда.

Оның ішінде жалдамалы әскери топтар белсенді түрде адамдар жинап, азаматтарға қомақты жалақы, сыйақы төлейтіндігімен қызықтыруда.

Сондықтан қарулы қақтығысқа қатысқан азаматтар үшін қылмыстық жауаптылық көзделгенін түсіндіремін.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 170-бабына сәйкес жалдамалыны азғырып көндіру, оқытып-үйрету, қаржыландыру немесе өзге материалдық қамтамасыз ету, сол сияқты оны қарулы қақтығыста, соғыс қимылдарында немесе конституциялық құрылысты құлатуға немесе оған нұқсан келтіруге бағытталған өзге де күш қолдану әрекеттеріне пайдалану не мемлекеттің аумақтық тұтастығын бұзғаны үшін мүлкі тәркіленіп, 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға, сондай-ақ адамдардың қаза табуына немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан осындай іс-әрекет 20 жылға дейінгі немесе өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ал Қазақстан Республикасы азаматының шет мемлекеттің аумағындағы қарулы қақтығысқа немесе соғыс қимылдарына жалдамалылық белгілері болмаған кезде қасақана құқыққа сыйымсыз қатысуы Қылмыстық кодекстің 172-бабымен сараланып, бес жылдан тоғыз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Заңдылықты және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында «Прокуратура туралы» Конституциялық заңның 40-бабын басшылыққа ала отырып, азаматтарды арандатушылыққа бой алдырмауға және қолданыстағы заңнама нормаларын мүлтіксіз сақтауға шақырамын.

Құқық қорғау органдары белгіленген тәртіпке, қоғамдық қауіпсіздікке қол сұғатын кез келген құқық бұзушылықтың жолын кеседі, сондай-ақ оларға жол бермеу жөнінде заңда көзделген шараларды қолданады.

**Н.Бижанов,**
**Қызылорда облысының прокуроры**

# Адал еңбек еткенің, Алла жолында жүргенің



**Қарап отырсақ, заман дамып, адамзат әлемнің түрлі қыр-сырын меңгерген сайын ондағы адамдардың да түсінігі өзгере бастады. Бірақ табиғатта бар қарама-қарсы заңдылық адамзатпен бірге жасай бермек. Адамзаттың дамуын тежеу үшін сол заманды жасайтын адамдар көзқарасының өзгеріп, өз қағидаларынан айнып, адалдықтың шеңберінен шығуы да оңай нәрсеге айналды. Оның дәлелі – бүгінгі күннің қоғамдық дертіне айналған сыбайластықтың белең алуы. Бұл дерт дендеп барады, оны түбегейлі жою әзірге мүмкін болмай тұр. Қанша жерден алдын алу, тоқтату шаралары жасалғанымен, осы жолда басын бәйгеге тігушілер қатары сиремеді.**

Кез келген ауыр, күнәлі істерден аулақ, бөтеннің мал-мүлкіне, ар-ожданына, өзіне қатысы жоқ дүниелерге қол сұғудан бойын аулақ ұстаған жандар үлкен пәледен құтылатыны белгілі. Ислам дінінде тыйым салынған істерден тыйылған адам өз болашағына, өз өміріне балта шабудан да аулақ болады. Сөз басында айтып өткен сыбайлас жемқорлықтың үкімі Ислам дінінде де айтылған. Асыл дінімізде үлкен күнә, ауыр қылмыс деп танылатын істердің бірі де парақорлық екенін білеміз. Тілдік тұрғыда пара «әрришуату» деп аталады. Бұл сөз құқығы болмаған бір мүлікті немесе атақты алу үшін берілген сыйлық және төленген құнға қатысты қолданылады. Шариғатымызда атағын, қызметін немесе арам пиғылын жүзеге асыра отырып, әділетсіз алынған мүлікті пара дейді. Парақорлық дерті жайлаған қоғамда әділетсіздік орнап, адам құқығына қол сұғылып, заңның күші жойылатыны тағы бар. Алла Тағала Қасиетті Құранда: «Араларыңдағы мал-дүниелеріңді бұзық жолмен, ұрлау, тонау, алдап-арбау секілді харам жолдармен жемеңдер. Сондай-ақ біле тұра адамдардың дүниелерінен бір бөлім жеу үшін басшыларға пара ретінде алып бармаңдар» деген еді. Бұл аятта Алла Тағала параны алуға, беруге, сонымен қатар оған дәнекер болуға да тыйым салған. Сондықтан Алланың разылығын іздеген әрбір мұсылман адам Алла тыйым салған үлкен күнәлардан аулақ болып, біреудің ала жібін аттамауға барынша тырысуы тиіс.

Жалпы, адам баласын нәпсісінің тойымсыздығы, «қолында барды қанағат тұтып, қолында жоққа сабыр ететін» адами болмыстан алыстап кету үлкен қателікке ұрындырады немесе айықпас дерттің шырмауына түсіреді. Қанағат етіп, қолда барға разы бола алмаған пенде қолы жетпегенді көлденеңінен, оңай жолмен алғысы келіп, түрлі айла-шарғыға барып та жатады. Оның ақыры күнәға бату, біреудің ақысын жеу, тіпті өз еліне опасыздық жасауға алып барады. Ал Алладан өзгеден дәметпей, тек Алладан ғана үміт етіп, оған ғана тәуекел еткен жанның ризық-несібесі де адал жолмен келеді және әлгіндей үлкен қасіреттерден сақтайды.

Қоғам болғасын ала да болады, құла да болады. Қазір оңай олжаны еншілейтіндер де, қызметін асыра пайдаланып, үстемдік қылатындар да көп. Олар осындай ойлардың жетегінде кетіп қана қоймай, мемлекетке шығын келтіреді, отбасының берекесін кетіреді, ең өкініштісі, Алла Тағала тыйым салған ауыр күнәлі істерге қолын былғайды.

Қазақ халқы танымында жеті түрлі қорлықтың қатарына жатқызылған жемқорлық, парақорлық, мансапқорлық, дүниеқоңыздық, нәпсіқұмарлық сынды баламалы сөздерден тұратын қауіпті дерт бар. Бір адам таққа отырса, қырық адам атқа қонады дегендей, қолында билігі бар лауазымды тұлғаны өз мақсатына, өз мүддесіне, белгілі бір жетістікке оңай жету жолында пайдалану, тиісінше осындай қызметтегі адамның қол астына жұмысқа қабылдамақшы тұлғадан өтемі ретінде сыйақы сұрауы, талап етуі, бұл – пара алу, пара беру, яғни сыбайлас жемқорлықтың айқын көрінісі.

Пара – табанақы, яғни маңдай терсіз келетін арам ақша мен дүние. Қаражолдың бойында көлденең жатқан оңай олжаға иеленуді ойлағандар түбінде бұл қасіретке әкелетінін білуі керек. Бірақ пендеге тән оңай олжаға кенелуге, қисық кетуге бейім тұратын жартыкөңілімен әліптің артын бақпайтын тұлғалар өте көп. Осындай «Бұл не деген батпақ құйрық?» деп артын ойламайтын, жеңіл жолмен, оңай олжаға кенелгісі келетіндердің таяз ойынан, құйтырқы әрекетінің салдарынан сыбайлас жемқорлықпен күресу біздің елде де бүгінгі күнгі күрделі мәселе болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бірбіріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Мұндай кеселдің алдын алуда қайтпек керек дейміз. Ол – әрине Алла Тағала тыйым салған күналарды білу, сол арқылы бойын аулақ ұстау, діни сауатты арттыру және өзге мұсылманға қолымен де, тілімен де зиян келтіріп, қиянат жасамау. Сонан соң халық өздерінің құқығын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білуі қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі – басты мақсат. Ол індетпен күресу – баршамыздың міндетіміз.

Жемқорлықты жою керек, оның алдын алуда жүйелі жұмыстар атқарылуы керек дегенмен, оны түбегейлі жоя алмадық. Өйткені осы бағытта жасалып жатқан шаралар легі қоғамдағы әр адамның санасына біреудің ала жібін аттамау керек екенін толықтай сіңіріп үлгерген жоқ. Сондықтан пара беру, пара алу сынды қатерлі істің, күнәнің алдын алуда адам баласы алдымен қолда барды қанағат етіп, жоққа сабыр қылуды үйренуі керек. Сонда ғана қолы жетпегенге асығып, оңай олжаға кенелуді ойламайтын болады. Ал сыбайлас жемқорлықпен күресте тек бірлікпен ғана нәтижеге жететінімізді айта кеткім келеді.

**Айбек МӘДИЕВ,**
**аудандық «Иманқұл» мешітінің бас имамы**




# «Жастар рухы» жаңа жетекшісін сайлады

**Мемлекеттің жастарға қамқорлығы артқан сайын кейінгі буынның белсенділігі де артып келеді. Түрлі мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылуда, сәйкесінше оған қатысушы жастар да белсенді. Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда жастар ресурстық орталығының да жұмысы жандана түсті. Жастар арасындағы енжарлықты жою, қоғамға пайдалы азамат болу, «Neet» санатындағы жастармен тығыз байланыста болу бүгінгі күні орталықтың күн тәртібінде тұрған жұмыстар деуге болады. Бұл тұрғыда үздіксіз әрі нәтижелі жұмыс істеп келе жатқан «Жастар Рухы» Жастар Қанатының көшбасшылығын ерекше айта кету керек.**

Апта басында «Amanat» партиясы аудандық филиалында «Жастар Рухы» Жастар Қанатының конференциясы өтті. Конференция жұмысын партияның аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншагүл Мұстафаева жүргізді. Келелі кездесуге «Жастар Рухы» Жастар Қанаты облыстық филиалының төрағасы Медет Жорабек, аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Нұржан Амандық және өңірдегі белсенді жастар қатысты.

Конференция жұмысының күн тәртібінде «Жастар Рухы» Жастар Қанаты аудандық бөлімшесінің жетекшісін және орынбасарын сайлау мәселесі қаралды. Жан-жақты, белсенді жастардың басын қосқан конференцияда жастар өздері лайықты деп таныған белсенді азаматтарды ұсынып, пікрілерін ортаға салды. Күн тәртібіндегі мәселе талқыланып, аудан жастарының келісімімен «Жастар Рухы» Жастар Қанаты аудандық бөлімшесінің жетекшілігіне аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Нұржан Амандық, оның орынбасары ретінде №33 орта мектеп мұғалімі Сымбат Жанибай ұсынылды.

Жиын барысында «Жастар Рухы» Жастар Қанатының алдағы уақытта атқаратын жұмыстары мен жоспарлары, белсенді жастардың ұсыныс-пікірлері айтылды. Сонымен бірге «Amanat» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншагүл Мұстафаева өз ісіне жауапкершілік танытып, саяси науқандарға белсене атсалысып, жастарға мемлекеттік бағдарламалардың насихатталуына және жастарды қоғамдық ортаға тарта отырып, тұлға болып қалыптасуына өз үлесін қосып, осы уақытқа дейін «Жастар Рухы» Жастар Қанаты аудандық бөлімшесінің жетекшілігін атқарған Нарбота Серәліге алғыс білдірді. «Жастар Рухы» Жастар Қанаты облыстық филиалының төрағасы Медет Жорабек жаңадан сайланған жетекшінің жұмысына сәттілік тіледі.

Конференцияға қатысушы жастар аудандағы арнайы әскери киім тігетін «Өркен Әлем» ЖШС тігін цехының жұмысымен де танысты.

**«ЖЖ» ақпарат**



# Ақын атындағы алтын ұя



**Өткен аптада жолымыз Темірбек Жүргенов ауылына түсті. Мақсатымыз – елді мекеннің тіршілік-тынысымен танысу, ауылдағы ағайынның хал жағдайын білу. Әуелі ауылдағы ақын атындағы білім ордасына атбасын бұрдық. Мектеп ғимаратының күрделі жөндеуден өткеніне көп болмағаны сырт көзге көрініп тұр. Ауласы тап-таза, жып-жинақы. Мектепке кіреберістен-ақ оқушыға қажетті барлық жағдайдың жасалғанын байқайсың. Ғимарат дәлізіне білім алушылардың үзілісте уақытын тиімді өткізуі үшін шахмат, дойбы тақталары мен қол күресуге арналған құрылғы қойылыпты. Біз де үзіліс уақытында барған екенбіз, төменгі сыныпта оқитын ер балалар бір-бірімен қол күресіп, күш сынасып жатса, жоғары сыныптың оқушылары шахмат, дойбы ойнауда. Мұндай көріністі көрген біз ерекше әсер алдық.**



Мектеп директоры Райкүл Өмірзаққызы бізді кіреберістен күтіп алды. Апайдың да бос уақытында қалам ұстап, қағаз бетіне ой толғайтын әуестігі барын біз де жақсы білеміз, әрине өзі де мойындайды. Сондықтан болар, бізді «Мектепке тілшілер келді» деп ерекше ықыласпен қарсы алды.

Иә, білім ошағында 1 жылдың ішінде бірнеше жағымды жаңалық пен жетістік жиналып қалыпты. Биылғы оқу жылының да өз мәресіне жетуіне аз қалды. Ұжымның бар ойы, қарбалас әрекеті түлектердің алдағы сынақта сүрінбей өтіп, қалаған оқу орындарына түсуіне жәрдем беруге бағытталған.

### Бәсі биік білім ордасы

Тілші болған соң, ерекше статистикаға құлақ түріп жүретінің тағы бар. Айта кету керек, Темірбек Жүргенов ауылындағы Әбдікәрім Оңалбаев атындағы №117 орта мектепті 2014 жылдан бері 12 оқушы алтын белгіге тәмамдапты. Бұл өте жоғары көрсеткіш деп ойлаймын. Аз ғана халқы бар ауылда осыншама үздік жастарды оқытып тәрбиелеу ұзтаздар тарапынан үлкен еңбекті талап ететіні белгілі.

Былтырғы оқу жылында мектеп түлектері ҰБТ-дан орташа 85 балл көрсетсе, биыл да түлектердің беталысы жаман емес көрінеді. Биыл бітіруші 15 түлек те ҰБТ-ға қатысуға ниетті. Бұл мектеп ұжымының түлектерге деген жоғары сенімін білдіреді. Қаңтар айындағы алдын ала дайындық тестінен түлектер орташа 90-93 баллды жинаған. Мектептен «Алтын белгіге» 1 оқушы, ал «Үздік аттестатқа» 3 оқушы ұсынылып отыр. «Алтын белгіге» үміткер Әлихан Бакида да дайындық сынақтан 100-ден жоғары балл жинап жүргенін айтады.

– Мен математика-география пәндерін таңдап отырмын. «Менеджмент» мамандығына оқуға түскім келеді. Жалпы, дайындығыма көңілім толады. Өйткені ұстаздарым алдағы білім сынағына еш уайымсыз дайындалуыма барлық жағдайды жасады. Таң атқаннан кеш батқанға дейін мектептеміз. Уақыт таяған сайын, дайындықты да күшейтудеміз. Ұстаздарыма алғыс айтамын, сабақтан тыс уақыттарын бізге бөліп, әрқашан біздің тілеуімізді тілеп жүреді. Әрине сол еңбекті ақтауға барымызды саламыз, – дейді мектеп түлегі Әлихан Бакида.

Әлихан барлық пәннен үздік бағаға оқиды. Одан бөлек олимпиадалар мен ғылыми жоба байқауларына қатысып, мектептің қоғамдық өміріне де белсене араласады. Мәселен, жақында география пәнінен аудандық олимпиадада жүлделі 3 орынды иеленіп, мектеп абыройын бір көтеріп тастапты. Сондай-ақ Гүлдана Жанат, Жаннұр Күмісбай, Ақдана Бахид сынды оқушылар – «Үздік аттестатқа» үміткер. Қуантарлығы, былтырғы түлектердің барлығы жоғары оқу орнына грантқа түсіп, бүгінде еліміздің беделді университеттерінде жоғары білім алуда.

Иә, №117 орта мектеп – аудандағы алдыңғы қатарлы білім ошақтарының бірі. Мектептің тарихы өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастау алады. Содан бері бұл мектепті білім беру саласына еңбегі сіңген педагогтар басқарды және білікті мұғалімдер ұстаздық етіп, бірнеше буын білімді шәкірт тәрбиелеп шығарды. 1987 жылы қазіргі екі қабатты оқу ғимараты пайдалануға берілді. Мектепке 1992 жылы 15 мамырда ҚР Министрлер кабинетінің №527 Қаулысымен ақын Әбдікәрім Оңалбаевтың есімі берілсе, 2004 жылы 27 сәуірде мектеп алдына ақынның ескерткіші қойылған. Содан бері білім ошағы ақын атына сай оқушыларға сапалы білім беріп, жас ұрпақты тәрбиелеуде өзіндік үлкен үлес қосып келеді.

Қазір Райкүл Ілиас басшылық ететін бұл мектепте оқушының тек оқу үлгеріміне ғана мән беріліп қоймай, білім алушының қоғам өміріне белсене араласуына да ерекше назар аударылады. Мәселен, оқушылар түрлі аудандық, облыстық, республикалық білім олимпиадаларына, ғылыми байқауларға, шығармашылық жарыстарға белсене қатысып, жүлделі орындарға да ілігіп, мектеп абыройын асқақтатып жүр. Ерекше айта кететін жетістіктердің бірі өткен жылы ауыл мектептерінің балаларына арналған республикалық «Мың бала» олимпиадасынан 6 сынып оқушысы Исмаил Шарапат жеңімпаз атанып, нәтижесінде еліміздегі үздік білім ошақтарынан шақырту алған. Бүгінде Исмаил Назарбаев зияткерлік мектебінде білімін жалғастыруда. Озат оқушының тәлімгері физика-математика пәнінің мұғалімі Әлия Бәкірованың айтуынша, мектеп бүгінде жаратылыстану бағыты бойынша тереңдетіп оқытуға ерекше мән беруде. Бұл оқушылардың жеткен жетістіктерінің біреуі ғана десек болады. Биыл да аталған олимпиадада 6 сынып оқушысы Нұрдәулет Меркемел үздік нәтиже көрсетіп, жеңімпаз атаныпты. Сынып жетекшісі Гүлзат Дабылова оқушыны осындай білім жарыстарына дайындап, додаға қосу жасөспірімнің ой-түйсігінің жетілуіне едәуір септігін тигенін айтады. Иә, оқушы мектеп бағдарламасынан бөлек қосымша ізденіп, білімін жетілдіріп, сайысқа түссе, сол арқылы бәсекеге қабілетті азамат болып өсері сөзсіз.



Расымен бүгінгі білім беру саласының қызметкерлеріне, соның ішінде мұғалімдерге өте жоғары талап қойылып отыр. Нақтырақ айтсақ, қазірде мұғалімге білім мен біліктіліктен бөлек, жаңашылдық та аса қажет. Өйткені қазір – технологиялық өркениеттің, жылдам ақпараттың ғасыры. Әлем күн санап емес, сағат санап жаңарып жатыр. Сондықтан біз де сол жаһандық даму үдерісіне ілесуіміз керек. Мұғалім тек өзінің тиісті уақытта сабағын оқытып қана қоймай, озат шәкірттерін дайындап, білім жарыстарында үздік нәтиже көрсетуі тиіс. Иә, бұл тұрғыдан ақын атын иеленген мектепте бірнеше жетістік бар.

Нақтырақ айтсақ, мектеп оқушылары жалпы білім беретін пәндер бойынша «Дарын» республикалық ғылыми жобалар конкурсына, оқушылардың зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалары бойынша «Зерде» республикалық конкурсына, жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушыларының республикалық олимпиадасына, жалпы білім беру ұйымдарының жаратылыстану-математикалық бағытындағы юниорлық олимпиадаға және т.б. түрлі ғылыми байқауларға белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болуда.

### Заманауи технологияларды меңгеру – заман талабы

Мектеп 2020 жылы күрделі жөндеуден өткен. Қазірде оқушылар толықтай жаңартылған еңселі ғимаратта сапалы білім, саналы тәрбие алып жатыр. Мектеп кабинеттерінің дені жаңадан жабдықталған. Атап айтсақ, 2 мультимедиа кабинеті бар және химия, физика, биология, робототехника, көркемөнерге баулу кабинеттері модификацияланған. Яғни оқушыларға жоғарыда аталған пәндерді заманауи үлгідегі құрал-жабдықтар арқылы басқа қырынан тануға, тереңірек оқып-білуге мүмкіндік жасалған.

Иә, әлем қарыштап дамуда. Әрбір күн жаңалыққа толы. Тың дүниелер, жаңа технологиялар мен зерттеулер бүгінде ауыз толтырып айтарлықтай. Қоғамның дамуына қарай ғылым мен техника да, оның басқару жүйесі де өзгеріп отыратыны белгілі. Осыған орай маман қызметінің мазмұны да жаңарып, соған тән бала оқыту бағыты өзгеріске ұшырап жатыр. Аталған мектепте оқушының заман талабына сай жаңа ғасырда жаңа технологияларды еркін игеруі үшін робототехника үйірмесі ашылып, жұмыс жасауда. Информатика пәнінің мұғалімі Марданбек Нұрғалиевтің айтуынша, ауыл балаларының жаңа технологияға, жаңашылдыққа деген қызығушылығы жоғары.

– Бұл – жаңа технология мен ақпарат ғасыры. Біз де әлемнің бір бөлшегі ретінде сол сұранысқа төтеп бере алатындай білім алып, ғылымды жетілдіруіміз керек. Иә, ақпарат көп, сол ақпаратты оқушылар қабылдап қана қоймай, өңдей алатын, сараптайтындай қабілетте болуы керек. Міне, осы тұста информатиканың, робототехниканың көмегі тиеді. Сондықтан бұл бағытта балаға білім беру ұстаздар мен ата-ана үшін, түптеп келгенде оқушының өзі үшін аса маңызды. Білім ордасында еңбек еткеніме 9 жылдан асыпты. Шүкір, оқушылардың информатикаға, әсіресе робототехника үйірмесіне қызығушылығы басым. Бүгінде робототехникадан азды-көпті жетістігіміз бар, – дейді М.Нұрғалиев.

Нақтырақ тоқталсақ, жалпы білім беру ұйымдары оқушылары арасында өткен «Robotek Grand Tournament» турнирінің аудандық кезеңінде «Сызық бойымен жүру» санаты бойынша Марданбек Нұрғалиевтің жетекшілігімен 7 сынып оқушылары Қамбар Диас, Күмісбай Гүлнұр жүлделі ІІ орынды иеленген. Robo BATTLE – 2023» чемпионатының аудандық кезеңінде «РОБОСУМО» санаты бойынша 7 сынып оқушысы Өмірзақ Нұрдәулет І орынды жеңіп алып, облыстық кезеңінен үздік ойын көрсеткені үшін алғыс хат алған. Сондай-ақ 9 сынып оқушылары Серікбол Әскербекұлы мен Руслан Еркебұлан ІІ орынды иеленсе, Шерхан Құралбекұлы мен Нартай Бақтияр алғыс хатпен марапатталған.

### Оқушылардың бос уақыты кітапханада өтеді

Иә робот, компьютер деп бас ұрғанымызбен, дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі кітапхана екеніне ешкімнің таласы жоқ. Қоғамның өсуі, адамзаттың өсіп-өркендеуі кітаппен тығыз байланысты. «Кітап – білім бұлағы» демекші, осынау білімнің тұнық та мөлдір бұлағынан шәкірттерді сусындатып, олардың рухани дүниесін молайтып, тағылымы мол тәрбие ошағына айналып отырған кітапхананың мектепте алар орны орасан. Осы орайда мектеп кітапханасына да бір сәт аялдадық.

Кітапханашы Гүлбану Төлегенова қазіргі жастардың кітап оқуға деген қызығушылығы жоғары екенін айтады. Өйткені апайға әсіресе көркем-әдеби шығармаларын сұрап келетін оқушылар қатары басым екен. Мұнда 22 751 кітап қоры болса, оның 15 000-ын оқулықтар құрайды. Кітапханашы өз сөзінде көркем-әдеби жанрдағы кітаптарға жетіспеушілік барын жасырмады.

– Мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы қолға алынып, сол бойынша жұмыс жасаудамыз. Жалпы, «Оқуға құштар мектеп» жобасы мектеп жасындағы балалардың кітапқа құмарлығын оятумен қатар, танымдық-мәдени дамуына жол ашады. Бүгінде Алаш зиялыларының 105 жылдығы аясында мектеп кітапханасында электронды қабырға бұрышы, кітап көрмесі дайындалып, іс-шаралар жыл бойы үздіксіз өткізіліп келеді. Арнайы кітапхана қорына енгізілген көркем-әдеби шығармалардың авторлары, яғни биыл мерейтойы атап өтілген Т.Жүргеновтың 125 жылдығы, сондай-ақ Абай, Ілияс Жансүгіров, Мұқағали Мақатаев секілді тағы басқа ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығы жайлы кештер ұйымдастырылды. Сонымен қатар, оқушылар мен ата-аналар арасында көркем-әдеби шығарманы оқу, мазмұнын меңгеру, әңгімелеу, саралауға байланысты байқаулар өткізіліп, видео-презентациялары желілерде жарияланып, көпшілік назарына ұсынылды. Иә, еліміздің азаматтары қазіргі заманға сай білімді, мәдениетті, өнерлі болуы қажет. Ол үшін терең білім, ғылым жаңалықтарын, өткен тарихымызды, өнерімізді білу үшін кітапты көп оқу керек. Сондықтан кітап – адам өмірінде маңызды рөл атқарады, – дейді Гүлбану Төлегенова.

### Жастар спортқа бейім

Спорт – салауатты өмір салтының негізгі бөлігі. Физикалық белсенділік денсаулыққа ғана емес, адамның психологиялық жағдайына да әсер етеді екен. Осы тұрғыда оқушыларды спортпен шұғылдануға жаппай тарту мектеп мұғалімдеріне артылған міндет десек те болады. Расында бесіктегі баладан еңкейген қарттарға дейін қолындағы смартфонға байланып, денеміздің қозғалыс динамикасы бәсеңдеген дәл бүгінгі күні балаларға, оқушыларға, тіпті ересек адамдардың өзін жаппай спортқа тарту басты мәселеге айналып отыр. Десе де білім ошағында оқушының бос уақытында спортпен шұғылдануына барлық жағдай жасалған.

Дене шынықтыру пәні мұғалімі Қанат Досаевтың айтуынша, мектеп оқушыларының спорттық сайыстарда жеткен жетістігі аз емес. Мәселен, гір тасын көтеруден, тоғызқұмалақтан мектеп оқушысы Райхан Сабыржан түрлі жарыстарда өнер көрсетіп, жүлделі орындардан көрінсе, шахматтан ұлттық мектеп лигасының аудандық кезеңінен 7-8 сынып оқушылары арасында өткен жарыста 8 сынып оқушысы Сүйінбай Асқарұлы үздік ойын көрсеткені үшін дипломмен марапатталған. Аталған ойыннан командалық жарыста №117 мектеп командасы биыл жүлделі ІІ орыннан көрінсе, баскетболдан «Алтын доп» ұлттық мектеп лигасының аудандық кезеңінен 5-6 сынып оқушылары арасында өткен жарыста мектеп командасы жүлделі ІІІ орынды жеңіп алған.

### Озат оқушылар шәкіртақы алады

Аталған мектепте балаларға әлеуметтік теңсіздіктің әсері болмау үшін бірқатар жұмыстар жасалған. Мәселен, оқушыларды ыстық тамақпен қамту барысы бір ізге қойылған. Бүгінде 300-ге жуық мектеп оқушысы ыстық тамақпен қамтылған. Ас мәзірімен де таныстық. Аспаздардың айтуынша, оқушыларға ұсынатын тағамдар құнары жоғары және экологиялық таза жергілікті бау-бақша өнімдері екен.

Иә, орайы келгенде айта кеткеніміз жөн, жергілікті кәсіпкер, ауыл азаматы Әліби Бекжанов үздік оқушыларға арнайы шәкіртақы тағайындапты. Яғни «Ер-Әлі» және «Құрманбай ата» шаруа қожалықтары 5-11 сыныптарда үздік оқитын 8 оқушыға 30 мың, «екпінді» оқитын 14 оқушыға 20 мың теңгеден шәкіртақы тағайындап, оқу жылының соңында тапсырады.

Оқу жылы аяқталып, жазғы демалыстың да жыры басталды. «Баламды қайда қыдыртамын» деген сұрақ әрбір ата-ананың көкейінде болары рас. Бұл сұрақ бойынша да мектеп әкімшілігі біраз тірлікті тындырыпты. Мәселен, 7 оқушыға Жаңақорған ауданындағы «Талдысу» тынығу лагеріне демеушілер есебінен жолдама қарастырылса, Д.Қонаев қаласындағы «Балдаурен» лагерінде 2 жасөспірім жазғы демалысын өткізеді. Сондай-ақ аудандағы «Ақтерек» сауықтыру лагеріне мектептің 16 оқушысына жолдама табысталған.

«Мектеп – кеме, білім – теңіз» деп текке айтылмаса керек. Райкүл Өмірзаққызы бастаған мектеп ұжымының бірлесе атқарған жұмысына көз сүйсініп, көңіл толды.

**Жандос ЖАЗКЕН,**
**Ақтоты БҮРКІТБАЙ**



Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
"Жалағаш жаршысы" газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
"Жалағаш жаршысы" аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) "Сапа менеджменті жүйелері" талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

*Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.*

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Тапсырыс № 836

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ